

катысты элеуметтік айырмашылық та байқалады. Жастарға қарағанда ересектерде бөтен лексиканы қабылдау қарқыны төменірек. Қазіргі уақытта халықтың білім деңгейі жоғарлануынан, кірме сөздерді игеру жеңілірек.

Біздің еліміз ертеден басқа елдермен саяси, сауда, ғылыми және мәдени байланыста болғандықтан тіліміз басқа тілдермен байытылып отырған. Бұндай сөздер біздің халыққа жаңа заттар, дәстүрлер мен түсініктерге жаңа атаулар берді. Гипертілдердің пайда болуы көптеген мәселелер туғызады. Бұл мәселелерді шешу эколингвистика – тілдердің бір – бірімен байланысын зерттейтін 21 ғасырдың өзекті ғылым саласының тұғырында. Әлемнің ағылшын тілді емес елдерінің халқы мәдениаралық қарым – қатынасқа дағдылану қажет, сонымен қатар өз тілінің тазалығын, ұлттық мәдениетін сақтап қала білу керек.

Қорытынды жасай келе, мынадай бір-біріне қарама-қайшылықты айта кету керек:

Бір жағынан жаңа сөздердің пайда болуы біздің сөз қорымызды байытса, екінші жағынан өте көп мөлшерде кірме сөздер тіліміздің шұбарлануына әкеліп соғады, сонымен қатар тіліміздің қайталанбас әдеби көркемдігі, тазалығы бұзылады.

Дегенмен жасөспірімдер ағылшын сөздерін күнделікті өмірде қолданады, өйткені кейбір ағылшын сөздері біздің ауызекі тілімізге әбден еніп кеткен. Ең маңыздысы-айтылған сөздердің мағынасын біліп, оларды орынды қолдану керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. http://go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJwNxb0VgjAUBlAWeqD86wSWamX7KdG8Q3jhJKGAKWzwcwcbGERzC1t4llOZeHULv10nCcraDs23shkQwnLRgBDkcbQBNGj7AERw8SwPqMTYwEAQWAhuv5wMbFiWk5DLbsusU-alRjqlYVFW6inXoTBQtizor8zrP0uh527w-18d3977_9uX28Af1jTW5&src=e7f12c&via_page=1&user_type=4&oqid=98cf4bcd2c78e85
2. http://go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJwNy0EOgjAQQNEexq0UIgJ6mcmQNlApLbRjzGDikbiAl_AKrr2Ea9fGhd38xUtTzTFo5TnSNmwyIsPSnZseTRw8i0C4cyBWwY_c2SLATBgZKcQJjQKLTokdoBpSgxkrHHagXZd6
3. Брейтер М.А. Ағылшын тілінен келген кірме сөздерінің тарихы. - Владивосток, 2004, 10-17 с.
4. Ваулина Е.Ю., Скляревская Г.Н. Көп пайдаланатын ағылшын тілінен келген кірме сөздер - М.: Платон, 2005, 24 б.
5. Мельникова А. И. Ағылшын тілінің кірме сөздерін зерттеу – М., 1999, 35 б.
6. Дьяков А.И. Кірме сөздерінің келу себептері // Тіл және мәдениет.- Новосибирск, 2004, 164 б.
7. Крысин Л.П. Шетел тілінің сөздері - М.: Издательство, 2008, 315 б.
8. В.К. Мюллер Жаңа ағылшын-орыс тілі сөздігі - 9 баспа.- М., 2006, .
9. В.В. Бурцева, Н.М. Семенова Шетел тілінің сөздігі.- М.Платон, 2005, 315 б.

УДК 372.881.1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТ ТІЛДЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Жаңабергенова Әсел

assel230900@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Кулахметова Ж.Т.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері қазақ тілін өркендету жолында қаншама маңызды қадамдар жасалды, бірақ қолға алған көптеген ісіміздің ойға алғандай болып орындалмауынан, ол – қоғамдық өмірдің бірталай саласына мықтап ене алмай жатыр. Талай

мәселе күні бүгінге дейін өз шешімін әлі таба қойған жоқ. Бұны ұлтымыздың өткен ғасырларда басынан өткерген бодандық-тоталитарлық саясат пен солардың бүгінге дейін сақталып отырған зарарынан көріп жүрміз.

Бұған Елбасының мына сөзі де нақты дәлел: «Ұлттық сана-сезім үшін этникалық мәдениет пен тілді қорғап дамытатын қоғамдық институттар жүйесіне арқа сүйеу мейлінше маңызды. Мұның, әсіресе, білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарына қатысы бар. Біз білім беру жүйесінің «қазақ тілін қалыс қалдыру» ұстанымына құрылғанын көрдік, онда ең бірде-бір мұқтаж кәсіптер мен мамандықтар бойынша қазақша білім ала алмайтын. Соның салдарынан ұлттың, әсіресе, қалаулы топтың тілді жан-жақты меңгеруге деген ынта-зейіні төмендеп кетті» [1]. Демек, сол дәуірдің тілімізге тұсау салып, ұлттық ой-санамызға әкелген қасіретін ешқашан ұмытуға болмайды

Президент Н.Ә. Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Елбасы оған 2009 жылы Астанада бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық рөліне байланысты өткен басқосуда да мән беріп: «Бұл жерде мемлекеттік тіл – қазақ тілін білу парыз. Екінші, орыс тілінен айырылып қалмауымыз керек. Білген тілден ажырауға болмайды. Көп тіл білгеннің зияны жоқ. Мысалы, Швейцарияда такси жүргізушілерінің өзі төрт тілді біледі. Үшінші – ағылшын тілі. Біз ағылшын тілін білмесек, әлемдегі озық инновацияға, технологияларға шыға алмаймыз. Өйткені, барлығы сол тілде жүргізіледі. Жастарға айтатыным – осы. Тілге мемлекет тарапынан көңіл бөліне береді», – деді [2].

2011 жылғы сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессияда сөйлеген сөзінде де Елбасы мемлекеттік тіл мәселесіне арнайы тоқтала келе, өз ойын Абай сөзімен сабақтастырып: «Ұлы Абай былай деген еді: «Басқа халықтың тілі мен мәдениетін білу адамды сол халықпен тең етеді». Бұл жерде әңгіме тек қазақ тілі туралы ғана емес, жалпы тілдер туралы. Тілді білсең, сол халықпен тең боласың. Қандай терең сөздер! Яғни бұл барлығы араласқан, бүкіл әлем бір-бірімен қатынасқа түскен бүгінгі жаһандық дүниеде қажеттілік болса, ол біз үшін және біздің балаларымыз үшін де ашық», – деген ой айтты [3].

Кімге де болсын белгілі, екі немесе үш тіл білу зор мүмкіншілікке жол ашады. Әсіресе, еліміз дамыған елдердің қатарына енуі үшін өз ана тілін жетік білетін, үш тілді, тіпті одан да көп тілді игерген қазақстандық азаматтардың, соның ішінде жоғары білімді жастардың көп болғаны қажет-ақ. Бұны бүгінгі әлемдік дамыған ғылыми-технологиялық тұрмыс-тіршілік те, қазақтың өз тіліндегі ғылым-білімдік қорының қажетті әдебиеттермен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі де талап етіп отыр. Ол – қазақстандық «Тілдердің үштұғырлылығы» саясатын жүзеге асыру арқылы жалпыға бірдей ортақ қалыпты талапқа да, тіпті жағдайға да айнала бастады. Осы саясаттың тұжырымдамасына жүгінсек, еліміздің өзін білімді, білікті санайтын әр азаматы ағылшын тілін білуі – ғаламның ақпараттық-инновациялық ағынына ілесу үшін қажет екен. Дұрыс-ақ, бірақ осы мақсат ұлттық мүддеге қайшы келмейтіндей бағдарламамен жүзеге асырылып жатыр ма? Жалпы, оның ұлттық бағдарламасы жасалған ба [2]?

Қазіргі уақытта ел қоғамы арасында үш тілді қатар меңгергендер шынымен де қалыптаса бастады. Алайда олардың сол біліктілігі қаншалықты дәрежеде ұлт игілігіне қызмет ететіні немесе бізге зуру шетелдік әдебиеттерді қазақшалау арқылы қызмет етіп жатқандығы туралы келелі терең зерттеулер әлі жасала қойған жоқ. Мүмкін, оның қандай да бір нәтижесін күтуге әлі ертерек болар, ал қостілділіктің пайдалы жағы мен зарары туралы талай мәрте айтылды да, жазылды да, қазір де айтылып-жазылып жатыр. Әріге бармай-ақ, осы мәселеге өз пайымдауымызша көңіл қойсақ, қазақстандық қостілді (қазақша-орысша) азаматтар қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастың түрлі жағдайы мен мақсатына байланысты бәлкендей дайындықсыз, ешқандай қиындықсыз бір тілден екінші тілге еркін ауысып, екі тілді бірдей қолдана беретінін және кейде, тіпті көп жағдайда екі тілді араластырып шұбарлап сөйлей беретінін көріп жүрміз. Бұл ерекшелік, негізінен, қазақтілді

қазақтарға тән болып келеді. Ал орыстілді қазақтар өз қандастарының орысша «біршама» білетінін пайдаланып, олармен тек орысша тілдеседі. Бұны, бір есептен, біздің елдегі қазақ қоғамының тілдік тәжірибесі деп те қарауға болатындай.

Елбасы 2006 жыл 11-17 мамырдағы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында да Абайдың: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, ғылым да – бәрі де орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», – деген сөзін мысалға келтіріп, ұлы ойшылдың заманында орыстың тілін дүниенің кілтіне балап, оны меңгеруге шақырған өсиетіне ерекше назар аударды [4]. Ақиқатына келсек, қазақ қоғамының сауаттылығы жаппай төмен болған сол тұста Абайдың орыс тілін үйрен, ғылымын игер дегені дұрыс бағдар болған еді.

Соның ерікті-еріксіз түрде жүзеге асуының арқасында халқымыз аз олжалы болған жоқ. Қазақтың Абай, Ыбырайдан кейінгі орысша хат танығандарының көбісі – орыс тіліне жүйірік болды, бірақ олардың көпшілігі әуелде қазақы тәрбие көріп, араб жазуымен өз ана тілінде сауат ашқандықтарына байланысты болар, ұлттық болмыстан тамырларын үзбеді, ұлттының қамын әріден ойлап, өздерінің негізгі еңбектерін өз ана тілінде жазды, сөйтіп, соңдарына өшпес мұра қалдырды. Дегенмен орыс тілін біліп, ғылымын игереміз деп мақсат қойғандардың бірқатары, әсіресе орысша оқып, тәрбие алғандары Абайдың «зарарынан қашық бол» деген өсиетін ескерусіз қалдырып, өз ана тілін мүлдем ұмытып, яғни өз ұлтын және оның құндылықтарын қорсынатындарға айналды. Олар өздерінің сүбелі еңбектерін орыс тілінде жазып, оның ғылым тілі мен ғылымын дамытуға үлкен үлес қосты.

Бұл мәселеге кезінде заманымыздың заңғар жазушы М.О. Әуезов те назар аударған екен. Ол өзінің «Ана тіл әдебиетін сүйіндер» деген мақаласында тіл мен әдебиетінің қадір-қасиетін айта келе, орыс тіліне тым беріліп кеткен қазақ азаматтарын сынға алып, кез келген саналы азамат өз ана тілін жақсы білуге міндетті деген талап қояды. «Өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі, ол қандайлық білімді болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ болады», – дейді. Дегенмен қос тіл білгенің артықшылығына да мән беріп: «Абайдың Абай болуы екі тілдің әдебиетін білгендігінен», – дейді. «Екі бірдей ана тілің болуы – екі енеге тел өскендей, екі жақты, егізекі нәр қасиет, қуат береді», – деп жазады [5]. Бұл ретте академик-жазушы қос тіл білу – білім мен ғылымды игерудің құралы деп отырғаны даусыз. Атам қазақ та «Қос тіл – қос қанатың», «Жеті жұрттың тілін біл» деп айтқанда осыны ескерсе керек.

Қостілділіктің (көптілділіктің) бірден аңғарыла қоймайтын, талай жылдар өте келе сезілетін зардабы да бар екені ақиқат. Бұны ешқашан естен шығаруға болмайды. Бұл зарар өзге бір тілді білім-ғылымды игерудің құралы ретінде оқып-үйренуден емес, негізінен, өзге тілде білім-тәрбие алудан болады. Өзге тілде білім-тәрбие алудың зарарын кезінде үнді халқының данышпан ұлы – Джавахарлал Неру де дөп басып аңғарған екен. Ол: «Басқыншы тәрбиесін алған зиялы – өз халқының басты жауы (Интеллигенция, воспитанная колонизатором, является главным врагом собственного народа)» деген тұжырым жасапты [6].

Үштұғырлы тіл саясатын жүзеге асыру қолға алынғаннан бері айғайға аттан қосып, науқаншылдыққа бой алдырып жүргендердің насихатына сенсек, оның негізгі мақсаты – Мұқалғали Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназия директорының орынбасары Әсем Қашқынбекова айтуы бойынша «өзінің тарихы мен салт-дәстүрін терең меңгерген, үш тілде еркін қарым-қатынас жасай алатын, өз бетімен іздене алатын, зерттеу арқылы оқитын, жан-жақты, көптілді тұлға тәрбиелеу» керек екен. Біздің пайымдауымызша, бұл тұжырым атүсті ойлаудан туындап жатқандай. Өйткені көптілді тұлғадан, көп жағдайда, өз ұлтының мүддесін көздейтін ұлттық кадр шыға қоймайды.

Олар ел басына туған кез келген қиын да қатерлі сәтте өздерінің сол біліктілігін (артықшылығын) пайдаланып, өзге елге қоныс аударуға бейім тұрады. Оған орыстілді небір мамандарымыздан (араларында ағылшын, неміс т.б. ұлт тілдерін жетік меңгергендер де бар) ел тәуелсіздігінен бастап бүгінге дейін айырылып қалып жатуымыз нақты дәлел. Бұны әлемдік қатынаста «ақыл-ой иелерінен айырылу (утечка умов)» деп атайды. Яғни, тіл үйрену

әркез керек. Шет тілдердің арасында ағылшын тілі баяғыда-ақ алғашқы орынды иеленді. Бұл әлемдік тілде миллиондаған адамдар сөйлейді. Ағылшын тілі қазірде кез келген салада қолданылады. Бизнес, туризм, ғылым, білім беру жүйесі, интернет, кинематограф... Сізге де осы тілді білген артық болмайды. Сондықтан қиын болса да үйрену керек.

Ағылшын тілінің сізге қажеттілігі жайлы әлі де күмәндансаңыз, мына Әлеуметтік желілерде ең көп таралған **10 кеңесті** білсеңіздер артықшылықтармен таныстырғым келеді.

Еңбек нарығындағы "бағаңыздың" өсуі. Қазір жұмысқа қабылдағанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылады. Жақсы жұмыс иегері боламын десеңіз, қазірден бастап ағылшын тілін үйреніңіз.

Ми жаттығуы. Шет тілін игеру - миға деген керемет жаттығу. Ақпарат ғасырында адамға жақсы ес, жаңа ойлар қажет. Ол үшін мидың жақсы жұмысы артық болмайды.

Аудармасыз-ақ шет ел киноларын қарау. Кабельді телеканалдардан көптеген елдердің бағдарламаларын, киноларын ағылшынша көре аласыздар. Тек өз еліңіздің ақпаратымен ғана емес, әлемдік жаңалықтардан, мәдениеттен хабардар боласыз. Аудармасыз фильм қарау арқылы оны тереңірек түсініп, көбірек әсер ала аласыз.

Шет ел музыкасын тыңдау. Сөзсіз ағылшын тіліндегі классикалық та, заманауи туындылар да әлемдік танымалдыққа ие. Сүйікті әншіңіз не жайлы ән айтып жатқанын түсіну арқылы оның шығармашылығын толықтай бағалай аласыз.

Шет елде демалыста жергілікті тұрғындармен тілдесе алу. Шет елдің қайсысына барсаңыз да, ағылшын тілі қолданыста болады. Адамдарды түсініп, сол елдің тұрмысы жайлы көбірек ақпарат, ал демалысыңыздан көбірек әсер ала аласыз. Таныс емес жерден жоғалмай, керек жерді таба аласыз.

Ағылшын тілдегі әдебиет оқу. Әлемдік әдебиеттің танымал туындыларының орыс, қазақ тіліне аудармасын оқып жүрсіз. Алайда оның түпнұсқасын ағылшын тілінде оқығанға не жетсін? Сіздің мамандығыңыз бойынша әдебиет тек ағылшынша шығып, орысша, қазақшаға аударылғанша бір-екі жыл өтеді делік. Өз салаңыздағы жаңалықтардан қалмай, онымен уақытылы танысып отыру үшін сізге бар керегі - ағылшын тілін білу. Арнайы бір салаға маманданған сайттар да көбінде ағылшынша. Демек ағылшын тілін білу арқылы қажет ақпаратты ала аласыз.

Ортаңыздың өсуі. Ағылшын тілді форумдар мен сайттарда жүріп, талай жаңа адамдармен танысуға болады. Олармен ағылшынша тілдесіп, өз біліміңіз бен тіл ерекшеліктерін жақсартып аласыздар.

Жаңа қызығушылық табу. Әр адамның өзіне тән қызығушылықтары бар. Ол өміріне қызық сәттер қосып, оны күнделікті істерден алаңдатады. Сіз үшін бұл хобби - тіл үйрену болсын.

Қосымша табыс көзі. Ағылшын тілін жақсы игерсеңіз, тек өз жұмысыңызда ғана сәттілікке жетіп қоймай, басқа да табыс көздерін таба аласыз. Мысалға реферат, диплом жұмыстары, арнайы әдебиетті аудару жақсы табыс әкеле алады.

Қосымша мүмкіндіктер. Шет тілін білу сізге қосымша мүмкіндіктер ашады. Шет елге оқуға түсу, машықтануға шет елге барып келу және басқа да тосын мүмкіндіктер пайда болуы әбден мүмкін [7].

Қорытындылай келе, ағылшын тілі – ғылымдар тілі десек, кем түспес едік. Ағылшын тілі заманымызда өте маңызды рөл алып отыр. Қазіргі таңдағы мектептерде ағылшын тілі тереңдетілген негізгі пәндер арасына тікелей кірген. Қазіргі таңдағы мектептерде ағылшын тілі тереңдетілген негізгі пәндер арасына тікелей кірген. Мектептерде бірінші сыныптан бастап ағылшын тілі пәндік жүйе ретінде кестеге енгізілген.

Халықаралық сипаттағы ағылшын тілінің рөлі, қазіргі ХХІ ғасырда тереңдетілген, маңызды рөл болып саналуда. Қостілді Қазақстанға шет тілін меңгеруге қазіргі таңда қызуығышылық танытып меңгеріп жатырғандар да жетерлік. Демек, біздің қоғамымызға пайдасы зор деген сөз. Сондықтан заманнан қалмаймын десеңіз, уақыт бар үш тіл саясатын қолдап, көптеп тіл үйреніңіз сонда сізге мүмкіндіктер мекені ашылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жібек жолы, Тарих толқынында. А.: 2010 ж., 153-б.
2. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында «Үштұғырлы тіл» 2006 ж, 3-5 б.
3. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясы. 2011 ж.
4. Н.Ә.Назарбаев.«Ана тілі» газетіне берген сұхбаты. 11-17 мамыр, 2006 ж.
5. М.Әуезов. XX том. А., Жаз., 1985 ж., 411-413б.
6. Б.Бәйелұлы.Ағылшын тілі қазақты қайда апарады?, 2015ж.
7. <https://abai.kz/index.php/post/43014>
8. С. Аринова.Ағылшын тілін үйренуге 10 себеп., 2013ж.

УДК 373.2

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТЕМПЕРАМЕНТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қылышбек Әселхан

kilisbekova01@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Әлеуметтік ғылымдар факультетінің
«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Қадыскызы А.

Егер сіз мектепке дейінгі баланы қадағалайтын болсаңыз, олар үзілісте де, ойын үстінде де, еңбек, дене шынықтыру сабақтарында да олардың белсенділігі және эмоциялары әртүрлі болады. Кейбіреуі тым қозғалғыш, өте белсенді, өзгерістерді елемей тез араласып кетеді және олардың эмоциялары өте айқын, ұстамсыз түрде көрінеді. Ал, екінші біреуі, байсалды, баяу жұмыс істейді, сөйлегені созылыңқы және бірқалыпты, эмоциялары мүлде көрінбейді деуге болады. Мұндай балалар өз жетістігі мен кемшіліктеріне мән бермейді. Ал, енді кейбіреулері, еті тірі, сөзшең, өмірге риза, бірақ бейқам, қозғалғыш, сезімге тез берілетін балалар. Тұйық, ұялшақ, ақырын сөйлейтін, ренжігіш балалар да өздеріне назар аудартап қоймайды. Бұл айтылған әртүрлі темперамент белгілері төрт типін көрсетеді: холериктер, флегматиктер, сангвиниктер, меланхоликтер. Темперамент қозғалғыштықты бейнелейді, ал қызығушылық пен көзқарасты бейнелемейді.

Мектепке дейінгі балалардың темпераментінің физиологиясы.

Павлов ілімінің айтуынша, жүйке жүйесінің әрбір типінің үш белгісі болады. Ол нерв жүйесінің қозу мен тежелуге негізделген.

1. Күшті қозуы тежелуінен басым.
2. Күшті қозуы мен тежелуі тең.
3. Күшті қозуы мен тежелуі тең, қозғалысы баяу.

Міне, бұл Павлов ұсынған үш тип. Бірінші типті адамдар жұмыскер, жүйке жүйесі күшті, ондай адамдар қысқа және ұзақ қозуды және тежелуді басынан өткізеді. Екінші типті адамдар өте ширақ болады. Үшінші типті адамдардың кейбіреуінде қозу мен тежелу теңеседі, ал кейбіреуінде не қозу, не тежелу болады. Және мұнда Павлов жүйке жүйесінің күштілігі мен әлсіздігіне назар аударған. Күшті жүйке жүйесі бар адамдарды ол тағы екі типке бөлді:

1. Күшті, ұстамсыз
2. үшті, ұстамды

Павлов өзінің ұсынған типтерін психологиялық темперамент типтерімен салыстырғанда, ол екеуінің тура келгеніне көзі жетті [1].

Көптеген автордардың зерттеулері төмендегі жайттарды анықтады:

А) Темперамент және мінез-құлықтың әлеуметтік регуляциясы.